



# Жеңіл өнеркәсіп бойынша 2020 ж. қаңтар-қыркүйекке арналған дайджест



**Жеңіл өнеркәсіп өндірісі көлемінің динамикасы, млрд. теңге**




**Түсінік:**

ҚР жеңіл өнеркәсібі өнімінің өндіріс көлемі 2020 жылғы қаңтар-қыркүйекте 87,1 млрд. теңгені құрады, что заттай көріністе 2019 жылғы осы кезеңнен 14,3%. Өнімнің физикалық көлем индексі 2020 ж. қаңтар-қыркүйекте 114,1% құрады. Өсу жеңіл өнеркәсіптің барлық ішкі салаларында байқалады. Тоқыма өнімдерінің өндірісі – 106,4%, өсу мақта талшығы, мақта мата және төсек орын тысы өндірісі көлемінің өсуі есебінен болды.

Киім өндірісі ФКИ өсуі – көбінесе мемлекеттік-корпоративтік тапсырыс бойынша арнайы киім жеткізу есебінен 101%. Былғары және оған жататын өнім өндірісінің өсуі – 210,4% аяқ киім компаниялары, атап айтқанда, былғары аяқ киім өндірісінің өсуі есебінен (арнайы аяқ киім) болды.

**ҚР өңірлері бойынша жеңіл өнеркәсіп өнімі 2020 ж. қаңтар-қыркүйектегі өндірісі, млрд. теңге**


(саланың негізгі шоғырлануы: Түркістан облысы, Шымкент қ., Алматы облысы)




## Жеңіл өнеркәсіп өнімінің негізгі түрлерінің 2020 ж. қаңтар-қыркүйекте 2019 ж. осы кезеңмен салыстырғанда өндіріс көлемі

Мына тауарлар бойынша ең жоғары өсу байқалады: үсті былғары аяқ киім 66 есе, мақта талшығы 2,6 есе, мақта мата (+33%).

Барынша төмендеу джемпер, пуловер, кардиган, жилет және машина немесе қолмен тоқылған осыған ұқсас тоқыма өнімдер (-54%), қой жүні (-50%), сыртқы тоқыма киім (-48%) өндірісінде байқалады



## САУДА ЖӘНЕ САТУ НАРЫҒЫНЫҢ КӨРСЕТКІШТЕРІ



## Экспорт

Жеңіл өнеркәсіп өнімінің экспорты 2020 ж. қаңтар-тамызда 2019 ж. осы кезеңмен салыстырғанда 35% қысқарды және 85,5 млн. АҚШ долл. құрады. Жеткізулерді қысқарту барлық елдерде COVID-19 пандемиясына орай енгізілген карантин шараларына байланысты.

## Импорт

Жеңіл өнеркәсіп өнімінің импорты 2020 ж. қаңтар-тамызда 1 006 млн. АҚШ долл. құрады, бұл 2019 ж. осы көрсеткіштен 13,1% төмен. Импорт өнімін қысқарту COVID-19 жағдайына да байланысты.

### Жеңіл өнеркәсіп өнімінің негізгі түрлерінің 2020 ж. қаңтар-тамыздағы экспорт/импорт құрылымы

ТАУАР АТАУЫ	ЭКСПОРТ
Мақта талшығы	54%
Сіндірілген, қапталған немесе поливинилхлоридпен қапталған тоқыма материалдар	6%
Төсек орын тысы	7,5%
М/мата және жіп	9,2%
Басқа	23,2%
<b>Барлығы</b>	<b>100%</b>

ТАУАР АТАУЫ	ИМПОРТ
Аяқ киім	20%
Ерлер және әйелдер киімі	12%
Басқа да дайын өнімдер	4%
Кілем және кілем өнімдері	3%
Саквояж, чемодан, әйелдер сөмке-чемоданчиктері	2,8%
Басқа	58,2%
<b>Барлығы</b>	<b>100%</b>

## САЛАДАҒЫ ЖАҒАЛЫҚТАР МЕН ОҚИҒАЛАР. ҚАЗАҚСТАН



### Түркістан облысында жіп өндірісі фабрикасы іске қосылады



Түркістан облысының Мақтаарал ауданында өнеркәсіптік өнім көлемі өсуде. Мысалы, егер былтырғы өндірілген өнімнің жалпы құны 3,2 млрд. теңгені құраса, биыл бұл көрсеткіш едәуір ұлғайды және 12,5 млрд теңгені құрады.

Шетелден тікелей инвестицияларды тарту мақсатында ауданда ағымдағы жылы жалпы сомасы 6,7 млрд. теңге 2 жоба іске асырылуда. Нәтижесінде 191 адамды тұрақты жұмыспен қамтамасыз ету жоспарлануда.

Жобалардың бірі - Түркиямен бірге іске асырылатын жіп өндірісі фабрикасының құрылысы. Фабриканың өндірістік қуаты жылына 6 600 тонна жіпті құрайды, 143 адамды тұрақты жұмыспен қамтамасыз ету жоспарлануда.

*Дереккөз: [polpred.com](http://polpred.com)*

### Қазақстанда шикі мақтаның сатып алу бағасын белгіледі



Бірінші және екінші сұрыптық қазақстандық шикі мақтаның сатып алу бағасы килограмм үшін 130 теңге және одан артық мөлшерде белгіленді.

Қазақстанда мақта саласы негізінен экспортқа бағытталғандықтан, баға саясаты сыртқы нарықтарда өнімге сұраныс негізінде қалыптастырылады. Ағымдағы жылы қазақстандық мақта нарығындағы шетел компанияларының белсенділігіне Еуропадағы коронавирустың екінші ағыны аясындағы әлемдегі эпидемиологиялық күрделі жағдай теріс әсер етті.

Сатып алу бағасын анықтау мәселесін реттеу үшін Ауыл шаруашылық бірінші вице-министрі А. Сапаровтың төрағалық етуімен Түркістан облысы Ауыл шаруашылық басқармасы, Қазақстан мақта қауымдастығы және мақтау өңдеу зауыттары басшыларының қатысуымен кеңес өтті.

Оның қорытындысы бойынша 9 қазанда Қазақстан мақта қауымдастығы мақта өндірушілер мен өңдеушілердің қатысуымен жиналыс өткізді, онда өнімнің сатып алу бағасы анықталды – 1 және 2 сұрыпты 1 килограмм шикі мақта үшін 130 теңгеден төмен емес.

*Дереккөз: [polpred.com](http://polpred.com)*



## САЛАДАҒЫ ЖАҢАЛЫҚТАР МЕН ОҚИҒАЛАР. ӘЛЕМ.



### Н&М компаниясы қытай жеткізушісімен қарым-қатынасты тоқтатады



Киім өндіруші Шведтік Н&М компаниясы Қытайда ұйғырларды мәжбүрлі жұмысқа тарту күдігіне байланысты қытай жеткізушісімен өз қатынасын үзетіндігін хабарлады. Наурызда зерттеу институты Австралияда осы этникалық азшылықтың өкілдерін тікелей немесе жанама мәжбүрлі жұмысқа тартқан әлем бойынша кем дегенде 82 компанияны атап, баяндама жариялады. Н&М компаниясы өз өтінішінде ұйғырларды мәжбүрлі жұмысқа тартқан кәсіпорын – қытай жіп өндірушісімен транзакцияларын тоқтататындығын айтты. Компания өкілдері Синьцзян-Ұйғыр автономды ауданынан енді мақта сатып алмайтындығын хабарлады.

Н&М компаниясы бүкіл әлем бойынша 1.700 өндірістік объектісінің біреуі мәжбүрлі еңбекпен байланысты болатын болса дереу әрекет ететіндігін атап өтті.

*Дереккөз: polpred.ru*

### ИКЕА теңізден алынған пластиктен тоқыма сатуды бастайды



Ресейде ИКЕА дүкендерінде 01 қазаннан бастап теңізден алынған пластиктен жасалған үй тоқыма топтамасы сатылады, - деп хабарлады компанияның баспасөз қызметі. Бұл шикізаттың бір бөлігі испан балықшыларымен Жерорта теңізінде алынған.

Хабарламада түсіндірілгендей, алынған пластик жағадағы арнайы контейнерлерге салынады, сосын, тазартылады, сұрыпталады, механикалық қайта өңделеді, қайта өңделген ПЭТ бөтелкелермен араластырылады және жіп пен мата жасайды. Тоқыма шеңберлермен, төртбұрыштармен және үшбұрыштармен безендірілген. "Егер дұрыстап қараса, оның сұлбасы балықтың сұлбасына ұқсайтынын көруге болады. Серияда теңізден шабыт алған түстер: маржан түспен үйлесімдегі жасыл және көгілдір түстер қолданылады", - делінген хабарламада.

ИКЕА – үйді жабдықтауға арналған әлемдегі ірі бөлшек сауда желісі, 1943 жылы құрылған. Қазір Ресейде ИКЕА 14 кешені ашылған, бір дүкен қалалық форматта және бес дизайн-студиясы бар.

*Дереккөз: polpred.ru*